Эндометриоз ұрпақтану жасындағы жас әйелдердің бойында дамиды. Етеккір кезінде кіші жамбас қуысына кертартпа жолмен, жатыр түтіктері арқылы қанның шағын мөлшерде тасталуы орын алады. Бұндайда эндометрий бөлшектері, яғни жатырдың ішкі қабықшасының бөлшектері көшеді, одан кейін олар кіші жамбастың органдары мен тіндеріне жабысады. Ішперделе, жатыр түтіктерінде, байланыстырушы аппаратта, аналық безде, жатыр артындағы кеңістікте эндометриоздық ошақтар немесе эндометриоздық гетеротопиялар түзіледі. Аналық безде эндометриоздық сарысулы ісіктер түзілуі мүмкін. Бұл үрдіске жиі жағдайларда ішектер, қуық қалбыршағы, ретроқынаптық жасұнық қатысады. Бұл ошақтар инвазиялану және тіндерде тереңдеп өну қабілетіне ие, осылайша жабыспа үрдістері мен ауырсыну синдромын тудырады. Бұл кіші жамбас органдары құрылысының анатомиялық-топографиялық ерекшеліктерінің бұзылуына тікелей апарып соқтырады, ал бұл өз кезегінде, бедеуліктің түтікті-перитонеальді факторының негізі болып табылады. Сонымен қатар, эндометриоздық ошақтардың өзінде – овуляциядан бастап имплантацияға дейін, репродуктивтік тізбектің барлық буындарына кері әсерін тигізетін уытты заттардың үлкен мөлшері өндіріліп шығарылады.

Эндометриоздың туындау теориялары бүгінгі таңда шамамен он шақты. Соңғы кездері иммунологиялық бұзылыстарға ерекше назар аударылуда. Мысалы, дені сау әйелдердің бойында қайтадан пайда болған эндометриоздық гетеротопияның лизиске ұшырайтындығы, яғни, басқа сөзбен айтқанда, иммундық жүйенің жасушаларымен ерітілетіндігі расталған. Ағза өзінің қорғанысын іске қосады. Бірақ бірқатар әйелдердің бойында иммундық жүйенің жетілмеуінің салдарынан мұндай жағдай орын алмайды және біз аурудың басталуына байланысты мәселемен кездесеміз.

Сондай-ақ эндометриозда тұқым қуалаушылық бейімділік те байқалады – кптеген жағдайларда бір жанұядағы әйелдердің барлығы эндометриозбен ауырады.

Түсік жасату немесе диагностикалық қырып тазарту, баланы іштен жарып алу секілді оталар барысында міндетті түрде орын алатын жарақаттық зақымдар да аурудың басталу себебі болуы мүмкін.

– Егер эндометриоз бедеуліктің себебі болып табылса, емдеу қалайша жүреді?

– Бастапқы қабылдауда репродуктолог-дәрігер емделушіден бәрін мұқият сұрастырып алады, анамнез жинайды. Жиі жағдайларда эндометриоздың бары – танысудың алғашқы сәттерінен-ақ белгілі бола бастайды. Одан кейін дәрігер гинекологиялық тексеру мен ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) жүргізеді. Егер УДЗ бойынша аналық бездің эндометриоздық сарысулы ісіктері бар деген диагноз қойылатын болса, емделуші бірден лапароскопияға жіберіледі, өйткені біз хирургияның көмегінсіз бұл сырқатты жеңе алмаймыз. Егер дәрігер осындай науқастың бедеулігінің себебі – кіші жамбастағы эндометриоздың болуы деген жорамал жасайтын болса, алдымен еркек факторын жоққа шығаруға кеңес беріледі (спермограмма талдауы). Жұбайының спермограммасы фертильді болған жағдайда және гормондық жағдайы қалыпты болған жағдайда науқас дианостикалық лапароскопияға жіберіледі. Диагноз расталған жағдайда лапароскопия емдік сипатты иемденеді. Хирургтар әйелдің табиғи жолмен бала көтеруіне мүмкіндік беру үшін бірікпелерді ажыратады, эндометриоз ошақтарын тіледі, кіші жамбастың қалыпты анатомиясын қалпына келтіреді.

Эндометриоз барысында оңай оталардың болмайтынын атап өткен жөн және келешекте көп күттірген жүктілікке қол жеткізудің мүмкіндігі көп жағдайларда хирургтың шеберлігіне байланысты болады.

Отадан кейін науқасқа хирургияның емдік әсерін жалғастыратын гормондық терапия тағайындалады. Репродуктолог-дәрігер үрдістің айқындылығына және хирургиялық қол сұғушылықтың көлеміне қарай, сондай-ақ әйелдің жасына және оның овариальді резервіне қарай 3-6 айға созылатын гормон терапиясы курсын тағайындайды. Бедеуліктің ұзақтығы, сондай-ақ жұбайын тексеру деректері де назарға алынады. Терапияның мақсаты – жалпы бүкіл репродуктивті жүйеге әсер ету жолымен, аурудың қайталануының алдын алу болып табылады. Ағзада эндометриоз күшеймейтін жағдай жасау керек, ал бұған – етеккірлік функциясын уақытша сөндіріп қою арқылы ғана қол жеткізуге болады.

– Лапароскопиядан кейін әрдайым ЭКО тағайындалады ма?

– Жоқ, әрдайым тағайындалмайды. Егер науқас әлі жас болса және оның овариальді резерві жақсы болса, дәрігер өз бетінше жүктілікті жоспарлау үшін 6 айға дейін созылатын күту тактикасын ұсынады. Сондай-ақ, әсіресе жұбайының спермограммасында шағын ауытқушылықтар болған жағдайда, жатыр-ішілік инсеминация секілді емдеудің дәстүрлі әдістері қолданылады.

Әйтсе де, лапароскопия мен отадан кейінгі гормондық емдеуден соң дереу ЭКО бағдарламасын жасауға ұсыныс беріледі науқастардың бірқатар тобы бар. Бұлар эндометриоздық сарысулы ісіктердің резекциясынан кейін кеңінен тараған бірікпе үрдістері орын алған, ересек ұрпақтану жастағы

Ауырудың қарқындылығын бағалаудың 10 балдық шәкілі



(35 жастан асқан) науқастар. Бұны былайша түсіндіруге болады: айқын білінген эндометриоз бар болған жағдайда, алдыңғы емдік әсер етуді жоққа шығаратын бұл аурудың қайталану мүмкіндігі аса жоғары. Сондықтан мұндай қымбат уақытты – толығымен жүктілікке қол жеткізуге жұмсау керек.

– Неліктен жүктілік эндометриоздың дамуына кедергі жасайды?

– Эндометриозды емдеудің мәнісі – етеккірлік қан жоғалтуды сөндіру болып табылады. Етеккірлер бар кезде, эндометриоз дами береді. Гормондық препараттардың немесе жүктіліктің әсерінен, сондай-ақ емшекпен емізу барысында етеккірлер тоқтаған сәтте ауру ремиссия кезеңіне өтеді.

Айта кетерлік жайт, ЭКО-жүктілігі мен босанудан кейін кенеттен жүкті болу деректері бірнеше рет қайталанған, ал бұның орын алу себебі жүктіліктің гормондық әсері эндометриозға қарсы қуатты емдік әсер болып табылады.

– Эндометриозға шалдыққан науқастарда ЭКО-ның сәтті болу мүмкіндігі қандай?

– Жалпы ЭКО бағдарламасының сәттілігі көптеген факторларға байланысты: әйелдің жасы, аналық бездің жағдайы, овариальді резерв – міне, осылар циклге қатысты болжамды бірінші кезекте анықтайды. Эндометриозға шалдыққан науқастар туралы әңгіме қозғалған кезде, біз сондай-ақ үрдістік белсенділік деңгейін, анатомиялық-физиологиялық бұзылыстардың айқындылығын бағалауымыз керек. Қажет болған жағдайда біз науқасты неғұрлым ертерек ЭКО бағдарламасына алатын болсақ, бірінші әрекеттен-ақ жүктілікке қол жеткізу мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болады.

Эндометриозға шалдыққан науқастарға қатысты қолданылатын ҚРТ бағдарламаларының бірқатар ерекшеліктері бар. Ынталандыру хаттамасы көп жағдайда ұзаққа созылады және эндометриозды емдеуде дәстүрлі түрде қолданылатын агонисттер деп аталатын препараттардың қолданылуымен жүргізіледі. Бірақ аналық бездердің ынталандыруға қатысты жауабы азырақ болады, бұл алынатын ооциттер мен эмбриондардың мөлшерінің төмендеуіне апарып соқтырады. Эндометриоз барысында ҚРТ нәтижелілігін арттыру үшін жиі жағдайларда ИКМИ әдісімен ұрықтандыру жүргізіледі, бұл қалыпты ұрықтандырудың пайызын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ХЭТЧИНГ-ке** қатысты көрсетімдер туындауы мүмкін, ал бұл эмбриондардың дер кезінде және сапалы түрде жатырға қонуына мүмкіндік береді.

Егер эндометриозға шалдыққан науқасқа хирургиялық және гормондық емдеу іс-шараларының толық кешені жүргізілетін болса, жалпы ЭКО-ның сәтті бағдарламаларының қолайлы пайызына қол жеткізуге болады.

– Әйел адам қандай белгілер бойынша өз бойында эндометриоздың болуын анықтай алады?

– Негізгі белгілерінің бірі – етеккір кезіндегі ауырулар. Өкінішке орай, көп адамдар «етеккір күндері» барлық әйелдерде ауырмай өтеді деп ойлайды. Етеккір кезіндегі ауыруды сезінудің қарқындылығын 10 балдық шәкіл бойынша бағалап көріңіз. Физиологиялық сезінулер 2-3 балды құрауы тиіс. Егер етеккір кезінде ауырудың қарқындылығы 7-10 балды құрайтын болса, қатты әсер ететін ауыртпайтын дәрілерді қабылдамастан ауыруға шыдау мүмкін емес болса, бұл тексерілу үшін және эндометриоздың болуын жоққа шығару үшін дәрігерге жүгінуге себеп болып табылады.

Қазіргі уақытта осы пролиферативті ауруға бүкіл әлемдегі ұрпақтану жасындағы әйелдердің 7-10%-ы шалдыққан.

Сондай-ақ эндометриоздың белгілеріне етеккірге дейін және етеккірден кейін пайда болатын, қошқыл түсті жағылатын бөлінділер жатады, ал бұл, әдетте, аденомиоз (эндометриоздың жатырлық түрі) болған жағдайда орын алады.

Әйелдің өмір сүру сапасын, көңіл-күйін, оның әлеуметтік-тұлғалық бейімделуін бұзатын елеулі белгі – жыныстық қатынас кезіндегі ауырулар болып табылады. Мұндай ауырулар барынша айқын білінген жағдайда, жұбайлардың өмірі бұзыла бастайды, психологиялық жанжалдар жиі туындайды. Ауырудың себебі – кіші жамбастағы жасұныстың эндометриоздық гетеротопияларының ұлғаюы, бірікпе үрдісі болып табылады.

– Эндометриозды емдемеу неге апарып соқтыруы мүмкін?

– Эндометриозды емдемеу – бедеулікпен қатар, қиын салдарымен қауіп төндіруі мүмкін. Ауру өрши отырып, қиын салдарға апарып соқтырады. Эндометриоздық сарысулы ісіктер ұзақ уақыт бойы болған жағдайда, мұндай сарысулы ісіктерде қатерлі ісіктің туындау қаупі артады.

– Ауру мөлшерінің өсуі байқалуда ма?

– Иә, сөзсіз, мұндай құбылыс байқалуда. Эндометриоздың алғашқы белгілерінен бастап, диагноз қою сәтіне дейін шамамен ондаған жылдардың өтуі мүмкін екендігі анықталған. Жиі жағдайларда емделуші ұзақ уақыт бойы және ара-тұра сәттілікпен аднекситтерге, қабыну ауруларына қарсы емделеді, ал оның ауыруларының нағыз себебі – эндометриоз анықталмай қалады.

Жалпы алғанда, эндометриоз өркениет ауруларына жатады. Бұл жанұядағы балалар санының жалпы қысқару үрдісімен байланысты. Қазіргі уақытта жанұялар көп бала жоспарламайды, жиі жағдайлара 1-2 баламен шектеледі. Емшекпен емізуден бас тарту жағдайларын қоса есептегенде, әйелдердің етеккір циклдері көбейе түсетіндігі сөзсіз.

– Эндометриоздың профилактикасы бар ма?

– 1. Бала тууды реттеу үшін қажетті кезеңде гормондық контрацептивтер қабылдау

2. Емшекпен емізу кезеңін ұзаққа созу (мүмкіндігінше бір жылға дейін)

3. Етеккір кезінде денеге ауыр күш түсіру және осындай кезеңде жыныстық қатынастарды толығымен тоқтату.

4. Иммундық жүйенің барынша оңтайлы жағдайын қолдап отыру – еңбек пен демалыстың оңтайлы тәртіптемесі, дұрыс тамақтану.

5. Қажетсіз жүктілік пен түсік тастаудың алдын алу.

**ИКСИ – арнайы микрохирургиялық аспаптардың көмегімен сперматозоидты микроскоп астында аналық безге енгізу әдісі*

*** ХЭТЧИНГ – «жарып шығуын» оңайлату үшін эмбрионның қабықшасын жасанды жолмен тілу әдісі. Жүктіліктің орын алу мүмкіндігін арттыруға көмектеседі.*

Самая большая ошибка – останавливаться на середине

Косаевы Ержан и Гулжанат не просто ждали детей 13 лет, они каждый день боролись за свое счастье. Спектр различных заболеваний и проблем с репродуктивной системой стали барьерами в зачатии и рождении долгожданных детей, но супруги с достоинством выдержали все испытания. В их памяти по сей день свежи воспоминания о том, чего им стоило пройти трудный путь навстречу своим дочерям Амине и Раяне.

Косаева Гулжанат: Мы поженились в 2000 году и, как это делают, наверное, многие, планирование детей отложили на потом, не сразу забили тревогу по поводу того, что беременность не наступает. Прошло пять лет, мы осознали, что нам очень не хватает детей. Муж ждал и очень переживал. Стало ясно, что нужно лечиться.

В 2005 году мы начали свой долгий путь. Мне поставили диагноз «эндометриоз», удалили фолликулярную кисту яичника. В течение пяти лет я лечилась в нескольких клиниках. За это время, как мне тогда казалось, я обошла всех врачей, все клиники города, сделала все, что только можно было, но безрезультатно...

Чем больше проходило времени, тем меньше оставалось надежды. Прошла через три программы ЭКО в нескольких клиниках Алматы – желанная беременность так и не наступила. Однажды один из моих лечащих врачей сказал, что все бесполезно: «Вы никогда не сможете стать матерью». Невозможно передать, что чувствует женщина, слыша эти слова...

Признаюсь, если бы не поддержка мужа, я бы сдалась. Он всегда вселял в меня уверенность: «Мы все равно пойдем до конца».

Эндометриоз – серьезный «соперник», чтобы его преодолеть, нужно иметь много сил и терпения. Изучая это заболевание, я случайно наткнулась на информацию об Институте репродуктивной медицины. Прочитав на нескольких форумах отзывы о клинике, мы решили продолжить лечение там и попытать счастье еще раз. Я записалась на прием к врачу-репродуктологу Вадиму Евгеньевичу Полумискову.

Мне сразу понравилась атмосфера в клинике: все были доброжелательны, по-настоящему приветливы и заботливы. На приеме Вадим Евгеньевич сказал, что нужно долечить эндометриоз яичника, назначил гормональные препараты и уверил, что все получится. Доктор подчеркнул, что самое главное: 1) выполнять все рекомендации врача и не останавливаться на середине; 2) ни на секунду не сомневаться в том, что назначенная программа ЭКО будет результативной. Вадим Евгеньевич сам был в этом так уверен, что даже мой муж приободрился. В него вселилась даже не надежда, а полная уверенность.

Когда наступило время подсадки, я хотела, чтобы мне подсадили три эмбриона, но Вадим Евгеньевич, не дождавшись моей просьбы, сказал: «Двоих будет вполне достаточно! Главное – верь, что все получится. Я не Бог, я такой же человек, как и ты, я просто врач, поэтому прислушайся к моим советам – не сомневайся, думай, что ты уже носишь малышей, чувствуй их».

Прошло две недели, утром я сделала тест на беременность, который показал две полоски. Я замерла, потому что не знала как сказать об этому мужу. А вдруг он упадет в обморок?

Помню, что сказала ему: «Ты готов стать отцом? Это пока не стопроцентная уверенность, нужно сдать кровь». На следующий день, с утра, не глядя на время, мы помчались в клинику сдавать анализы. Еще через три часа мне пришло смс такого содержания: «Поздравляем, вы беременны!» Затем этот факт подтвердился на УЗИ.

13 лет ожиданий, борьбы, разочарований, надежд, слез... Это был очень трудный период. Сейчас мы очень счастливы – у нас есть Амина и Раяна, две чудесные доченьки, к тому же очень похожие на папу!

Теперь мы мечтаем еще об одном ребенке, уже записались к нашему врачу. Мужа спрашивают, не переживает ли он, что с троими малышами будет тяжело, на что он отвечает: «Ждать 13 лет намного сложнее!»

Мой муж нашел правильные слова, сказав однажды, что мы пойдем до конца, чего бы этого нам не стоило. Теперь я понимаю, что самая большая ошибка – останавливаться на середине. Нужно обязательно верить в победу и верить своему врачу.

Мы очень благодарны Вадиму Евгеньевичу Полумискову и всему коллективу ИРМ за наше самое большое счастье на земле – счастье быть родителями.

Ең қорқыныштысы – орта жолда тоқтап қалу

Ержан және Гүлжанат Қосаевтардың отбасы 13 жыл бойы баланың туылуын күтіп қана қоймай, өз бақыты үшін күрескен адамдар. Бұл дерт ұзақ күттірген балаларды ұрықтандыру және туу жолында бөгет болды. Көп уақытқа созылған емдеу кезеңінен кейін және көп күйзелісті бастан өткізгеннен кейін Әмина және Рояна есімді қыздары туылып, ата-анасы қуанышқа бөленді. Әйтсе де, осындай қиын жолдан өтудің машақаттары осы күнге дейін жұбайлардың есінде сақталып қалған.

Біз 2000 жылы үйлендік және көптеген адамдар секілді, бірден бала жоспарлауды ойламадық, сондықтан біз бала көтермегенімізді уайымдай қоймадық. Бес жыл өткеннен кейін, жұбайым екеуімізге нәрестелер қатты жетіспей тұрды. Жұбайым нәрестені қатты күтті және бұл мәселеге байланысты қатты уайымдап жүрді. Біз емделу керек екенін түсіндік. 2005 жылы біз өзіміздің ұзақ жолымызды бастадық. Бірнеше клиникада кезекпен емдеуден өттік, маған эндометриоз диагнозы қойылды, аналық бездің фолликулярлық сарысулы ісігі алынып тасталды, маған ем жазып берілді, осылайша тағы бес жыл өтті. Бұл уақыттың ішінде мен қаламыздың барлық клиникаларын және барлық дәрігерлерін аралап шықтым десем артық болмас, сондай-ақ қолдан келгеннің барлығын жасап бақтым, бірақ еш нәтиже шықпады.

Уақыт неғұрлым көп өткен сайын, еңсеміз де соғұрлым түсе берді. Алматының бірнеше клиникасында үш ЭКО бағдарламасы нәтижесіз аяқталды. Бірде менің емдеуші дәрігерлерімнің бірі бұның барлығын бос әурешілік деді де, «Сіз ешқашан ана бола алмайсыз» деп айтып қалды. Мұндай сөздерді естіген әйелдің қандай сезімде болатынын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Егер жұбайымның қолдауы болмағанда, менің қол қусырып қалуым әбден мүмкін болғанын қазір түсініп отырмын. Ол менің бойымда әрдайым сенім отын ұялатты, біздің ақыры ата-ана болатындығымызға сендірді, және бұл жолы ол былай деп айтты: «Қандай жағдай болмасын, біз ақырына дейін барамыз».

Эндометриоз үлкен кедергі болып шықты, оны жеңіп шығу үшін көп күш пен сабырлық қажет екен. Ол кезде біздің үйленгенімізге 10 жыл болған, бірақ нәрестелі бола алмадық. Мен беріле бастадым.

Біздің немен күресетінімізді жақсырақ түсіну үшін эндометриоз мәселесін зерттей келе, мен Репродуктивті медицина институты туралы ақпаратты оқыдым. Бірнеше форумнан клиника туралы пікірлерді қарап шығып, мен емделуді жалғастыруға және бақытымды тағы бір рет сынап көруге бел байладым. Дәрігер-репродуктолог Вадим Евгеньевич Полумисковқа жазылдым.

Айта кетерлік жайт, клиникадағы атмосфера маған бірден ұнады, барлығы жылы шырай танытып, шын жүректен жайдары мінез көрсетті. Қабылдау кезінде Вадим Евгеньевич аналық бездің эндометриозын ақырына дейін емдеу керектігін айтып, гормоналдық препараттар тағайындады және барлығы ойдағыдай болады деп сендірді. Ең бастысы – дәрігердің айтқанын орындап, орта жолда тоқтап қалмау керектігін атап өтті. Сондай-ақ ол маған тағайындалған ЭКО бағдарламасының сәтті өтетіндігіне ешбір күмән келтірмеу керектігін айтты. Вадим Евгеньевичтің бұған сенімі мол болғаны сонша лық, менің жұбайымның да рухы көтеріле түсті. Оның бойынан үміт оты ғана емес, толық сенімділік байқалды.

Егу уақыты келген кезде, мен бірден үш эмбрионның салынуын қаладым, бірақ Вадим Евгеньевич менің өтінішімді күтпестен, былай деп жауап берді: «Екеуі де жеткілікті болады! Ең бастысы, барлығы ойдағыдай болатынына сен. Мен құдай емеспін, мен сен сияқты адаммын. Мен тек қана дәрігермін және менің кеңесім: сен күдіктенбе, қазірдің өзінде жүрегіңнің астында өз нәрестелеріңді көтеріп жүрмін деп ойла, оларды сезін».

Екі апта өтті, мен таңертең тұрып, жүктілікке сынақ жасадым, онда екі жолақ көрінді. Мен қалшиып тұрып қалдым, өйткені бұл туралы жұбайыма қалай айтарымды білмедім. Ол есінен танып қалса, қайтем?!

Жұбайыма былай деп айтқаным есімде: «Тыңдашы, сен әке болуға дайынсың ба? Бірақ бұл 100% емес, қан тапсыру керек». Келесі күні таңертең уақытқа қарамастан біз клиникаға анализ тапсыруға зымырап ұшып келдік. Үш сағаттан кейін маған мынадай смс хабарлама келді: «Құттықтаймыз, Сіз жүкті болдыңыз». Одан кейін бұл УДЗ тексеруімен расталды. 13 жыл бойы күтіп, күресіп келгеннен кейін қол жеткізгеніміз. Әрине, оңай болған жоқ. Қазір біз өте бақыттымыз, Әмина мен Рояна дүниеге келді, ал мен үнемі қыз тууды армандаған едім! Сондай-ақ олар әкесіне өте ұқсайды.

Енді біз тағы да келіп, бұрынғыша Вадим Евгеньевич Полумисковқа жазылдық. Тағы сәбилі болуды қалаймыз, мүмкін бұл жолы ұл баланы армандайтын шығармыз. Үш сәбимен жағдайың ауырлай түседі деп уайымдамайсың ба, бұл үлкен еңбек емес пе деген сөздер жұбайыма айтыла бастады. Бұған ол былай деп жауап берді: «13 жыл бойы күткен одан да қиын!»

Менің жұбайым бұрын соңына дейін баратындығымыз туралы айтқан кезде, іс жүзінде жаңылыспаған екен. Орта жолда тоқтап қалу – нағыз қате. Жеңіске деген сенім болу керек және дәрігерге сенім арту керек. Мен Вадим Евгеньевич Полумисковқа өз алғысымды білдіргім келеді. Ол бізге әйел мен еркек ретінде іс жүзінде бақытты болуға көмектесті.

Сауле Тумабаева: «Все хирургические вмешательства в нашем отделении выполняются с учетом сохранения репродуктивной функции женщины»

По отношению к определенному числу больных эндометриозом хирургическое вмешательство рассматривается как важный компонент комплексного лечения. В каких случаях это происходит и что предлагает современная медицина пациентам ИРМ? Рассказывает Сауле Далелхановна Тумабаева, заведующая отделением оперативной гинекологии, врач гинеколог-хирург I категории.

– Сауле Далелхановна, что служит показаниями к хирургическому лечению эндометриоза?

– Это, прежде всего, наличие болевого синдрома или бесплодия. Чаще всего при этом заболевании операции выполняются по причине эндометриоидных кист яичников, эндометриоза ретро-цервикального пространства, эндометриоза брюшины. Иногда при узловой форме аденомиоза и неудачных программах ЭКО может встать вопрос о хирургическом удалении такого очага.

Согласно исследованиям, частота выявления эндометриоза при лапароскопии, в том числе проводимой с целью уточнения причины бесплодия, составляет 20–55%.

– Какие виды операций существуют при эндометриозе и какие из них делают в клинике?

– Наиболее распространенной операцией при эндометриозе является кистэктомия, то есть удаление кисты вместе с ее капсулой. Также выполняются такие виды операций, как иссечение очагов эндометриоза любой локализации, разъединение спаек, вызванных наличием эндометриоза. Кроме цистэктомии возможно выполнение склеротерапии, при которой овариальный резерв повреждается в меньшей степени, но частота рецидивов выше. Каждый вид операции имеет свои показания и подбирается индивидуально в каждой конкретной ситуации. Все эти виды операции проводятся на базе ИРМ.

– Что такое лапароскопия и как проходит операция?

– Лапароскопия – это современный минимально-инвазивный метод проведения хирургических операций. Вместо одного большого разреза хирург делает на животе несколько проколов, через которые вводит оптическую систему или видеокамеру и специальные хирургические инструменты. С помощью видеокамеры врач получает изображение оперируемого органа на мониторе, что позволяет выполнять ему все необходимые действия. Эндометриоидные очаги чаще всего иссекаются, иногда при поверхностных очагах возможно использование биполярной коагуляции для их разрушения.

– Какие преимущества имеет лапароскопическая операция по сравнению с лапаротомным доступом?

– Лапароскопический доступ за счет своей малой травматичности дает возможность пациентам быстро восстанавливаться после операции, что сокращает сроки их пребывания в стационаре. После лапароскопии пациенты обычно находятся в стационаре 2-3 суток. Болевые ощущения после операции минимальны, уже на следующий день пациент может принимать обычную пищу. Кроме того, важен косметический эффект, то есть отсутствие послеоперационных рубцов, которые наблюдаются при полостных операциях с разрезом.

Для хирурга лапароскопия также имеет ряд преимуществ: улучшение обзора, увеличение изображения, позволяющее выполнять операцию почти как под микроскопом, что имеет большое значение, особенно при эндометриозе.

– Какие новые технологии применяются вами в лечении эндометриоза?

– Лапароскопия сама по себе может считаться новой технологией, так как с ее использованием стало возможным диагностировать некоторые формы эндометриоза, а также выполнять операции разной сложности благодаря хорошему обзору и увеличению изображения. В настоящее время для еще более лучшего изображения появились специальные оптические фильтры, которые позволяют лучше увидеть даже начинающиеся эндометриодные изменения.

– Как проходит послеоперационный период? Как часто возникают осложнения?

– Послеоперационный период, как правило, протекает легко за счет использования малоинвазивного доступа. Пациенты находятся в клинике двое суток, после чего выписываются домой. Послеоперационные осложнения в нашей клинике минимальны и составили, например, в прошлом году менее 1%. Здесь, наверное, лучше сказать о возможных отдаленных последствиях, таких как риск снижения функции яичников после кистэктомии, о чем врач обязательно должен предупреждать пациентку перед операцией. Выполнение многократных операций на яичниках вообще может привести к потере репродуктивной функции, поэтому к операциям на яичниках нужно подходить очень осторожно, взвесив все за и против. Идеально будет, если женщина предварительно получит консультацию репродуктолога.

– В чем заключаются преимущества лечения в оперативной гинекологии ИРМ?

– Прежде всего, это преемственность между врачами всех звеньев: между врачами-хирургами, репродуктологами и врачами поликлиники. Это дает возможность в сложных случаях совместно найти оптимальное решение для каждой конкретной пациентки. Все оперативные вмешательства в отделении оперативной гинекологии ИРМ выполняются с учетом сохранения в последующем репродуктивной функции женщины.

– Каковы шансы забеременеть самостоятельно или с помощью ЭКО после оперативного лечения эндометриоза?

– Хирургическое лечение часто способствует самостоятельному наступлению беременности без применения вспомогательных репродуктивных технологий, даже в тех случаях, когда женщина уже настроилась на ЭКО. Удаление эндометриоидных кист, например, повышает вероятность наступления самостоятельной беременности при отсутствии других факторов бесплодия почти в 2 раза. Хирургическое иссечение эндометриоидных очагов брюшины перед программой ЭКО способствует повышению ее эффективности, но чаще это выполняется после неудачных программ.

Но если женщина идет в программу ЭКО, то удаление эндометрием яичников менее 3 см не повышает репродуктивные результаты, особенно при сниженном овариальном резерве.

– Что делать при повторном появлении эндометриоидных кист?

– Увы, но рецидивы кист возможны. Эндометриоз, к нашему большому сожалению, не может быть излечен полностью. При рецидивах кист лучше сразу направлять таких пациенток к репродуктологу для решения вопроса о проведении ЭКО. Повторные операции не рекомендуются, за исключением наличия выраженного болевого синдрома. В таких случаях лучше провести сначала стимуляцию с забором яйцеклеток и получением эмбрионов, а затем идти на операцию, поскольку повторная операция на яичниках может привести к значительной потере запаса ооцитов и даже к неудачной программе ЭКО.

Сауле Тумабаева: «Біздің бөлімшеде барлық хирургиялық оталар әйелдің ұрпақтану функцияларының сақталуын ескере отырып жүзеге асырылады»

Эндометриозбен ауыратын науқастардың белгілі бір бөлігіне қатысты хирургиялық ота – кешенді емдеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұның қандай жағдайларда орын алатынын және РМИ науқастарына заманауи медицина нені ұсынатынын Оперативтік гинекология бөлімінің меңгерушісі, 1 санатты гинеколог-хирург дәрігері Тұмабаева Сәуле Дәлелханқызы түсіндіріп берді.

– Эндометриоз жүктіліктің орын алуына әсерін тигізеді ме? Эндометриоздың қандай түрлері ұрықтануға мүмкіндік бермейді?

– Әрине, эндометриоз жүктіліктің орын алуына әсерін тигізеді. Кейбір жағдайларда бедеулік эндометриоздың жалғыз белгісі болып табылады. Осы аурудан зардап шегетін әйелдердің шамамен 30%-ында бала бітумен байланысты қиындығы бар. Эндометриоз ооциттердің қалыптасу кезеңдеріне, ұрықтану және имплантация үрдістеріне кері әсерін тигізеді. Түзілетін жабыспалар жатыр түтіктерінің жұмысын қиындата отырып, кіші жамбастың анатомиясын бұзады. Эндометриоздың кез келген түрі жүктіліктің орын алуына кедергі келтіруі мүмкін және де бұл – жатыр денесінің эндометриозы (ішкі эндометриоз) және аналық бездің эндометриозы, ретроцервикальді аймақтың эндометриозы, қабырғалық ішперде эндометриозы болуы мүмкін.

– Эндометриозды хирургиялық жолмен емдеудің көрсетімі қандай болуы мүмкін?

– Эндометриоз кезінде хирургиялық емдеудің көрсетімдері – ең алдымен ауырсыну синдромының немесе бедеуліктің орын алуы болып табылады. Эндометриоз кезіндегі оталар көп жағдайларда аналық бездің эндометриоздық сарысулы ісігіне, ретро-цервикальді кеңістіктің эндометриозына, ішперде эндометриозына қатысты жасалады. Кейде аденомиоздың түйіндік нысаны және ЭКО бағдарламаларының сәтсіздігі жағдайында мұндай ошақты хирургиялық жолмен алып тастау туралы мәселе қозғалуы мүмкін.

– Эндометриозды хирургиялық жолмен емдеу әйелдердің неше пайызына тағайындалады?

– Зерттеулерге сәйкес, лапароскопия жағдайында, соның ішінде бедеуліктің себептерін нақтылау мақсатында өткізілетін жағдайды қоса есептегенде, эндометриозды анықтау жиілігі 20–55% құрайды.

– Эндометриоз жағдайында оталардың қандай түрлері жасалады? Сіздердің клиникаларыңызда қандай оталар қолданылады?

– Хирургиялық жолмен емдеудің аса жиі кездесетін көрсетімдерінің бірі – аналық бездің эндометриоздық сарысулы ісігі болып табылады, сондықтан эндометриоз барысында жасалатын, кеңінен қолданылатын ота – кистэктомия, яғни, сарысулы ісікті капсуласымен бірге алып тастау болып табылады. Сондай-ақ, кез-келген оқшаулаудағы эндометриоз ошақтарын тілу, эндометриоздың пайда болуымен туындаған жабысуды ажырату секілді оталардың түрлері жасалады. Цистэктомиядан басқа, склеротерапия жасалуы мүмкін, оның барысында овариалды резерв аз мөлшерде зақымданады, бірақ қайталану жиілігі жоғары болады. Отаның әрбір түрінің өз көрсетімдері бар және әрбір нақты жағдайда жеке тәсілдеме бойынша таңдалады.

– Лапароскопия деген не және ота қалай жасалады? Хирург эндометриоздық ошақтарды қалайша алып тастайды?

– Лапароскопия – хирургиялық оталарды жасаудың заманауи шағын инвазивті әдісі. Үлкен бір тілік жасаудың орнына хирург іште бірнеше тесік жасайды да, олар арқылы оптикалық жүйені немесе бейнекамераны және арнайы хирургиялық аспаптарды енгізеді. Бейнекамераның көмегімен дәрігер ота жасалатын органның монитордағы кескініне қол жеткізеді, ал бұл оған барлық қажетті әрекеттерді жасауына мүмкіндік береді. Эндометриоздық ошақтар жиі жағдайларда тілінеді, кейде беткейлік ошақтар жағдайында оларды бұзу үшін биополярлық коагуляция пайдаланылуы мүмкін.

– Лапаротомдық түрдегі отамен салыстырғанда лапароскопиялық отаның қандай артықшылықтары бар?

– Бәрінен бұрын лапароскопиялық қол жеткізу өзінің шағын жарақаттау есебінен науқастарға отадан кейін өте тез қалпына келуіне мүмкіндік береді, ал бұл олардың стационарда болу мерзімдерін қысқартады. Әдетте лапароскопиядан кейін науқастар стационарда 2-3 тәулік болады. Отадан кейінгі ауыру сезімдері аса төмен болады, келесі күннің өзінде науқас әдеттегі тағамды жей алады. Сонымен қатар, косметикалық әсері де маңызды болып табылады, яғни тілумен байланысты қуыстық оталардың барысында байқалатын отадан кейінгі тыртықтар қалмайды. Хирург үшін лапароскопия – микроскоппен ота жасағандай тәртіпте ота жасауға мүмкіндік беретін кескінді ұлғайту және шолу ауқымын жақсарту секілді бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді, ал бұл, әсіресе, эндометриоз жағдайында, аса маңызды болып табылады.

– Эндометриозды емдеуде жаңа технологиялар қолданылады ма?

– Лапароскопияның өзі эндометриозды емдеудегі жаңа технология болып есептеледі, өйткені оны пайдалана отырып, эндометриоздың кейбір түрлеріне диагностика жасау, сондай-ақ кескінді ұлғайтудың және шолу ауқымын жақсартудың арқасында әр-түрлі деңгейдегі оталарды жасау мүмкін болып отыр. Қазіргі таңда кескінді жақсырақ көрсету үшін арнайы жаңа оптикалық сүзгілер пайда болды, олар енді басталып келе жатқан эндометриоздық өзгерістерді жақсырақ көруге мүмкіндік береді.

– Отадан кейінгі кезең қалай өтеді? Асқынулар қаншалықты жиі туындайды?

– Әдетте, отадан кейінгі кезең шағын инвазивті қол жеткізуді пайдаланудың есебінен оңай өтеді. Науқастар клиникада 2 тәулік болады, одан кейін үйіне жіберіледі. Отадан кейінгі асқынулардың деңгейі біздің клиникамызда аса төмен және олар, мысалы, өткен жылы 1%-дан аз көлемді құраған. Бұл жағдайда кистэктомиядан кейінгі әйелдердің аналық безі функцияларының төмендеу қаупі секілді болжалды шалғай салдары туралы айта кеткен жөн болар және дәрігер ота жасаудың алдында науқасқа бұл туралы міндетті түрде ескертуі тиіс. Негізі, аналық безде көп оталардың жасалуы әйелдің ұрпақтану функциясын жоғалтуына апарып соқтыруы мүмкін, сондықтан аналық безге ота жасау ісіне, барлық оң және кері әсерлерін салыстыра отырып, үлкен абайлықпен кірісу керек. Әйелдің репродуктологтан алдын-ала кеңес алғаны жөн болады.

– РМИ оперативтік гинекологиясында емделудің атықшылығы неде?

– Біздің клиникамызда емделудің артықшылықтары – ең алдымен, барлық тізбектегі дәрігерлердің сабақтастығы, яғни хирург-дәрігерлердің, репродуктологтардың және емхана дәрігерлерінің арасындағы сабақтастық болып табылады. Бұл қиын жағдайларда әрбір нақты науқас үшін барынша оңтайлы шешімді бірлесе отырып қабылдауға мүмкіндік береді. Біздің оперативтік гинекология бөлімшесіндегі барлық оталар кейіннен әйелдің ұрпақтану функцияларының сақталу қажеттілігінің ескерілуімен жасалады.

– Эндометриозды хирургиялық жолмен емдегеннен кейін, өз бетінше немесе ЭКО арқылы жүкті болудың мүмкіндігі қандай?

– Эндометриозды хирургиялық жолмен емдеу – әйел ЭКО жасатуға шешім қабылдағанның өзінде, жиі жағдайларда қосымша репродуктивтік технологияларды қолданбастан өз бетінше бала көтеруге жағдай жасайды. Эндометриоздық сарысулы ісіктерді алып тастау – мысалы, бедеуліктің басқа факторлары жоқ болған жағдайда, өз бетінше жүкті болудың мүмкіндігін 2 есе дерлік арттырады.

ЭКО бағдарламасының алдында ішперденің эндометриоздық ошақтарын хирургиялық жолмен тілу – оның тиімділігін арттыруға жағдай жасайды, бірақ жиі жағдайларда бұл – сәтсіз бағдарламалардан кейін жасалады. Егер әйел ЭКО бағдарламасына баратын болса, аналық без эндометриомдарының 3 см-ден кем бөлігін алып тастау – әсіресе төмен овариалды резерв жағдайында ұрпақтанудың нәтижелерін арттырмайды.

– Қайталануы мүмкін бе және эндометриоздық сарысулы ісік қайта пайда болған жағдайда не істеу керек?

– Әрине, сарысулы ісіктер қайталануы мүмкін. Өкінішке орай, эндометриоз толығымен емделмейді. Сарысулы ісіктер қайталанған жағдайда, ЭКО жасау туралы мәселені шешу үшін мұндай науқастарды дереу репродуктологқа жіберген жөн. Айқын білінген ауырсыну синдромының орын алуын қоспағанда, қайта ота жасамауға кеңес беріледі. Мұндай жағдайларда алдымен аналық жасушаларды жинаумен және эмбриондарды алумен ынталандыруды жүзеге асырып, одан кейін ота жасауға барған жөн, өйткені аналық безге қайта ота жасау – ооциттер қорының едәуір жоғалуына және тіпті ЭКО бағдарламасының сәтсіздікке ұшырауына апарып соқтыруы мүмкін.

ИНОФОЛИК®

- ВОССТАНОВЛЕНИЕ ГОРМОНАЛЬНОЙ ФУНКЦИИ И РЕПРОДУКТИВНОЙ СИСТЕМЫ
- СНИЖЕНИЕ ВЕСА
- ХОРОШЕЕ СОСТОЯНИЕ КОЖИ, НОГТЕЙ И ВОЛОС

ПОМОЩЬ В ЛЕЧЕНИИ СИНДРОМА ПОЛИКИСТОЗНЫХ ЯИЧНИКОВ (СПКЯ)

ПОМОЩЬ В ПОДГОТОВКЕ К ЭКСТРАКОРПОРАЛЬНОМУ ОПЛОДОТВОРЕНИЮ (ЭКО)

Биологически активная добавка к пище.
Зарегистрирована в Республике Казахстан
№KZ.16.01.79.003.E.000473.03.14 от 20.03.2014 г.

Данный препарат доступен в аптеке ИРМ.

ITALFARMACO

MEDEXPORT ITALIA

40 years

micuna

magic ideas for children

Колыбель Cododo, созданная испанской компанией Микуна, воплотила мечты каждой мамы в реальность – теперь Ваш малыш сможет спокойно спать рядом с Вами и чувствовать себя в безопасности. Умный дизайн колыбели делает ее незаменимой в период кормления грудью и полезной, когда малыш подрастет – колыбель легко трансформируется в детский стол!

Волшебные идеи для детей на www.micuna.kz

8 (702) 2081111

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ

20 ЖЫЛ ЛЕТ

ИНСТИТУТ РЕПРОДУКТИВНОЙ МЕДИЦИНЫ

Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины делает уверенные шаги навстречу новым технологиям, чтобы каждая семья в нашей стране имела возможность стать по-настоящему счастливой и полноценной

ИНСТИТУТ РЕПРОДУКТИВНОЙ МЕДИЦИНЫ

приглашает молодых и здоровых женщин и мужчин для участия в программах лечения бесплодия в качестве суррогатных мам, доноров яйцеклеток и спермы

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации

ТРЕБОВАНИЯ К СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

-возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
-отсутствие психических, соматических и генетических заболеваний;
-удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных органометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации

ШКОЛА ЭКО

Уважаемые пациенты! Рады сообщить вам, что возобновлена деятельность школы ЭКО.

Цель Школы – преподготовка пациентов перед консультацией репродуктолога, полное информирование о методах вспомогательных репродуктивных технологий, а также о гистеролапароскопии.

Школа ЭКО – это лекция в формате интерактивного урока.

Занятия для пациентов ИРМ проходят на бесплатной основе по предварительной записи.

Расписание Школы ЭКО:
Ежедневно,
по будням.

Место проведения –
конференц- зал, каб. 206, 2 этаж
Преподаватель -
Шахнович Филипп Евгеньевич

Дополнительную информацию можно получить по телефонам::
+7 (727) 234-34-34; +7 (727) 234-37-37
Институт репродуктивной медицины
Алматы, ул.Толе би, 99, уг.ул. А.Байтурсынова
www.irm.kz